

Сандықтау аудандық мәслихатының шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 47/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 қыркүйекте № 8045 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Сандықтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сандықтау аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Сандықтау аудандық мәслихатының "Сандықтау ауданының Балкашино ауылының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2013 жылғы 26 тамыздағы № 17/5 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3821 болып тіркелген, 2013 жылғы 25 қазанда "Сандықтауские вести" аудандық газетінде жарияланған);

2) Сандықтау аудандық мәслихатының "Сандықтау ауданының ауылдық елді мекендерінің жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 6 ақпандағы № 30/1 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4682 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Аудандық мәслихатының
хатшысы*

"КЕЛІСІЛДІ"

Сандықтау ауданының әкімі

Е.Бектуров

С.Клюшников

А.Үсімбаев